

## БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

## «Мен елімнің патриотымын!» мәнерлеп оқу сайысы

ЖАРИЯЛАНДЫ  
14.02.2026СІЛТЕМЕ  
https://bilimger.kz/187221/**Сақтапова Ақжүніс Даңбайқызы**

Ақтөбе облысы Шалқар ауданы Шілікті ауылы

«Құралай» бөбекжай-бақшасы» МКҚК-ның тәрбиешісі

Мақсаты: Егеменді еліміздің болашағын жалғастырушы ұрпақты туған жерін, елін сүйуге, Отанын қорғай білуге тәрбиелеу, балалардың тілін дамытып, сөздік қорларын молайту және есте сақтау қабілеттерін дамыту.

Құрметті ұстаздар, ата-аналар, бүлдіршіндер сіздерді еліміздің Тәуелсіздік мерекесімен құттықтаймыз. Айтулы мерекеге орай ұйымдастырылған патриоттық өлеңдерді мәнерлеп оқу сайысына қош келдіңіздер!

Бала біткен дос бауыр,

Болмасын еш тосқауыл-деп ортаға сайысқа қатысатын бүлдіршіндерді шақырамыз. Әнұран орындалады.

-Сайысымыздың әді-қазылар алқасымен таныс болайық.

(әділ-қазылар алқасымен таныстырылады)

Ән: «Тәуелсіз елдің ұланымын»

Айбөбек: «Отан», (Бүркіт Ысқақов)

Отан - сенің ата-анаң,

Отан - досың бауырың.

Отан - өлкең, астанаң,

Отан - аудан, ауылың.

Отан - тарих, Отан - тіл,

Жасаған елің ,ер халқың.

Отан – өлең .Отан жыр,

Көтерген көкке ел даңқын.

Хан: «Елтаңбасы елімнің» », (Сұлтан Қалиұлы )

Елтаңбасы елімнің,

Неткен әйбат әдемі.

Тұнығындай көңілдің ,

Ортада аспан әлемі.

Құт- береке- шаңырақ,

Орын алған ол төрден.

Қанатты қос арғымақ ,

Екі жақтан көмкерген.

Тәрбиеші:

Жарқыраған айдайсың,

Күлімдеген күндейсің.

Ор киіктер ойнақтап,

Кім бар екен билейтін?-деп жанкүйер бишілерімізді ортаға шақырамыз.

Би: «Қамшы»

Арнұр: «Отаным» (Абдрахман Асылбек )

Қар жапқан шыңдарын,

Тәкаппар таулары.

Күн сүйіп құм салған ,

Жайқалған баулары.

Аялап таң нұры,

Төгеді шапағын.

Осының барлығы-

Туған жер,Отаным.

Бисұлтан: «Отан» (Ермек Өтетілеуұлы )

Отан деген-атамекен.

Отан деген – туған жер,

Отан- ана.

Отан- үлкен,

Қазақстан туған ел.

Тілеген: «Отан» (Ермек Өтетілеуұлы )

Отанды әркім анасындай ,

Қастерлейді ,қолдайды.

Қйткені оны баласындай,

Бізді асырап қорғайды.

Тәрбиеші:

Отан –сөнбес күніміз,

Отан- туған жеріміз.

Отан –ортақ үйіміз,

Отан әнмен күйіміз.

Ендігі сөз кезегін әділ- қазылар алқасына береміз.Балаларды марапталады.

Бүкіл дүниежүзіне бейбітшілік тілейміз.Тәуелсіздіктің тұғыры биік,аспанымыз ашық болсын!

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.